

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№2 (2024)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/SKTF9148>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/WBNG3333>***А. Б. Абдуллина¹, Ш. А. Доскеева², Қ. Т. Тулебаева³**^{1,2,3} Alikhan Bokeikhan University,

Қазақстан Республикасы, Семей қ.

*e-mail: anarabdullina1@gmail.com

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ӘҢГІМЕСІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ МІНЕЗ КӨРІНІСІ (А. КЕМЕЛБАЕВАНЫҢ «ШАШТЫ», «КӨКҚИЯ» ӘҢГІМЕСІ НЕГІЗІНДЕ)

Мақалада А. Кемелбаеваның шығармаларындағы ұлттық мінез концептісі қарастырылған. Антропоцентристік бағыттың дамуымен концепт барлық саладағы автордың негізгі идеясының жиынтығы ретінде анықталып, әдебиеттегі концепт ұғымы жан-жақты зерттеле бастады. Ұлттық мінез қатарында түс жору, батырлық, шаңырақ, әмеңгерлік сынды салттар анықталады. Қазақ халқының танымына жақын ұғымдар мен атаулар талданып, жазушы шығармалары шежірелік проза жанры деп анықталған. Зерттеуде ұлттық мінез жайында В. Зусман, Н. Сейбель, Ю. Тильман және Д. Кішібеков зерттеушілердің пікірлері негізге алынған. Қазақтың ұлттық мінезі жайлы Д. Кішібеков құнды пікір білдіріп, қазақ танымындағы мінез-құлықтың қалыптасуын анықтап қарастырады. Шежірелік проза жайындағы А. Богданов, М. Бахтин, А. Татьяна пікірлері қарастырылған. А. Кемелбаева шығармалары мен Л. Қоныс туындылары арасында басты айырмашылықтар анықталды. Ұлттық құндылықтарға толы А. Кемелбаева шығармалары ассоциативті, нарративті талданып, автор пікірлері талданған. Сонымен бірге, шығармалардағы хронотоп ұғымы анықталып, шығармаға аналитикалық талдау жасалды. Жазушының батыр жайындағы қарама-қарсы пікірі қарастырылып, көзқарасы негізге алынған. Зерттеуде М. Бахтин екі зерттеу құрылымы басты назарға алынып, шығармаларды талдауда ұтымды қолданылды. А. Богданов әулеттің шежірелік прозадағы маңызды ұғым екенін айтқан пікірін қарастырып, «Шашты», «Көкқия» әңгімелеріндегі

қолданысы анықталған. Сонымен бірге, «Шашты», «Көкқия» әңгімелері Р. Барттың интерпретация теориясы негізінде талданған.

Кілтті сөздер: концепт, ұлттық мінез, шежірелік проза, шаңырақ, ұлттық таным.

Кіріспе

Филологияда антропоцентристік бағыттың дамуымен концепт басты зерттеу нысанына айналды. Дегенмен, әдебиет ғылымында да концепт ұғымы зерттеліне бастады. Қазіргі қазақ әдебиетінде «ұлттық мінез» концептісі ақын-жазушылардың авторлық көзқарасымен анықталады. А. Кемелбаеваның «Шашты», «Көкқия» әңгімелерінде қазақтың ұлттық мінезі – шежіре сұрау, шежіре тарату қасиеті көрінеді. Шежірелік проза М. Х. Дулати, Қ. Жалайыри, Ә. Баһадүр, Ш. Құдайбердіұлы шығармаларында Шыңғыс хан, Оразмұханбет сұлтан сынды төрелер мен Қазақ хандығы жайында, ру-тайпалар туралы мол ақпарат беріледі. Қаламгер А. Кемелбаева шығармаларында халықтың ертедегі шежіре сұрау дәстүрі, «қарға тамырлы қазақ» ұстанымы көрінеді. Сондай-ақ шаңырақтың шайқалуы сынды символдық қолданыстар көрініс тапқан. «Шашты», «Көкқия» әңгімелері шежірелік сипатта қарастырылып, ұлттық мінездің бір көрінісі ретінде қарастырамыз.

Материалдар және әдіс-тәсілдер

Ұлттық мінез концептісі туралы В.Зусман көркем шығармадағы ассоциация жүйесі, ұлттық ассоциативті құрылымның бөлшегі ретінде танылатынын айтады [1, 29]. Н. Сейбель концептінің үш негізде анықталатынын, біріншісі – концептінің «архетип», «мотив» ұғымдары арқылы анықталуы; екіншісі – ұлттық мәдениеттің болмысы; үшінші – мәдени жадтың этимологиясы мен ішкі форма деп анықталады [2, 22]. С. Тер-Минасова көркем туындыдағы концептінің тарихи-мәдени факторлар негізінде көрініс табатынын айтады [3, 23]. Д. Кішібеков зерттеуіндегі қазақтың ұлттық мінезі қарастырылып, аналитикалық талдау арқылы ұлттық мінез көріністері қарастырылды [4, 85].

Шежірелік проза әлем және орыс әдебиетінде «Семейная сага» деп аталып, бұл тақырып аясында А. Богданов зерттеуінде шежірелік прозаның бір әулеттің қарастырылуын, әр адам өміріндегі елеулі оқиғалар: той, дүниеге келу, өлім арқылы өзіндік құрылым құратыны айтылады [5, 307]. М. Бахтин шежірелік прозаның екі құрылымнан тұратынын: бір құрылымда басты кейіпкер бақытсыздықтан бақытта жету суреттелсе, екіншісінде басты кейіпкер бақытты өмірден бақытсыздыққа ұшырау бейнеленетінін айтады [6, 278]. Зерттеуші А. Татьяна отбасылық идеалды жанрдың ерекше сипаты деп анықтайды. Отбасы атты коллективті кейіпкердің суреттелуін, шежірелік прозаның отбасы институтының мәселесін шешетінін айтады [7, 51].

Зерттеу мақалада А.Кемелбаева шығармаларындағы ұлттық мінез концептісін анықтауда ассоциативті талдау, аналитикалық, нарративтік әдістері қолданылған.

Нәтижелер мен талқылау

Зерттеуші Д.Кішібеков дүниетанымы дала философиясымен тығыз байланысты қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан мінездерін мынадай деп көрсетеді: байсалдылық, сабырлық; кешірімді, кең пейіл; бауырмал, дархан, қонақжай [4, 85]. Аталған сипаттарға шежіре сұрау қасиетін қосамыз. Өз тегін білу әр қазақ үшін маңызды. Бала кезінен бастап руын, шыққан тегін жатқа біліп, жүрген жерінде қай рудан екенін айтатын болған. Қаламгердің «Шашты» әңгімесінде қазақы таным, ұлттық мінез айқын көрінеді. Десе де, ақынның бір ерекшелігі қазақ пен түрікмен қарым-қатынасын Ә.Кекілбаев секілді қатыгездікпен емес, қамқорлық сипатында «жылқышы-бала» коммуникациясында көрсетеді. Ә.Кекілбаев қазақ пен түрікмен арасында мәңгірттік тақырыбын көтерсе, автор А.Кемелбаева балаға қамқор болу, шежіре сұрау сынды элементтер арқылы ұлттық болмысты айқара аша түседі. Автор түркілік танымды да алға шығарады. Түркінің көк түріктің ұрпағы екенін айтып, балаға үрейден арылу үшін сенім беру мақсатында қасқыр мінез бабасының кім екенін танытпақ болады. Үзінді келтіретін болсақ: «Тікқұлақ көкжалдан несін қорқасың, тәңірі текті түркі – көк бөрі тұқымы емей, сен кімсің?!» [8]. Шығармадағы ерекше назар аударатын тұс – ат пен ердің болмысын қатар суреттеу. Автор ат пен ердің басының қайда қалмайтынын айтып, қазақ пен ат егіз ұғымдарын келтіреді. Одан бөлек ат жарыста ерекше шеберлікпен бейнеленген. Қазақтың ат жарыс десе, делебесі қозып, баптаған тұлпары бірінші келсе, өзі мәреден озғандай сезімде болады. Қаламгерде бұл қасиетті ескере отырып, мынадай пікір білдіреді: «Қазақ атқа мінбесін, қазақ атқа мінсе, бір дене, бір жанға айналып кетеді. Қашса құтылады, қуса жетеді» [8]. Шығарманың айтулы ерекшелігі тек қана қазақ тайпалары ғана емес, түрікпен тайпаларының алты ауыз алауыздығын, қазақ тайпаларымен өштестігі нақты айтылған. Батыр образы қазақ жазушыларында әспеттеле жазылса, авторлық көзқарасы негізінде қаламгер өзінше баға беріп, батыр болмысының жаңа қырын ашады.

Десе де ақын батыр болмысын надан, менмен, жекпе-жекшіл, есерсоқ деп танып, қазақ пен түрікпен арасындағы өштестіктің басты себебі – батырлардың іс-әрекеті екенін айтады.

«Шашты» шежірелік проза шығармасында екі құрылымның бірі: бақытты, бал дәурен шақтан қиындыққа толы өмірге тап болғаны арқылы автор генеологиялық проза жанрының ерекшелігін көрсетеді. «Көкқия» әңгімесіндегі басты кейіпкер Түсіпхан соғыста барлаушы болып, аман-есен оралып, оқуын Мәскеуде жалғастырады. Демалуға, туған-туыс,

жақындарымен кездесуге келген ол қауіптің аяқ астында екенін сезбеді. Түсіпханның генеалогиялық тізбегі былай көрінеді: Байжан – Баймұрын, Сақал – Жанділде – Сүлейменхан, Түсіпхан. Шығармада «көк өгіз» танымы да көрініс тапқан. Көне түркілер дүниені көк өгіздің арқасына салып тұратынын, екінші иығына алмастырғанда жер сілкінеді деген сенімі қарастырылған. Түсіпханның қос мүйізбен орманға терек пен қайыңды әкелуі ажалына асықтыратынын білмеді. Дегенмен, шығарманың өн бойында түс көру элементі арқылы Түсіпхан ажалын түсінде көргенін оқиға орын алған соң аңғарады.

Түс жору – халқымыздың ерекше баппен қарайтын қасиеті. Кез келген адам түсті жорымайды, білгір, аса құрметке ие абыз ғана түсті жақсы нышанға жориды. Туындыда түс көру ұлттық болмыстың көрінісі ғана емес, кейіпкердің психологизмін берудің бір тәсілі ретінде көрініс тапқан. Г. Пірәлиева түстің шығармадағы психологизмді берудің ұтымды тәсіл екенін айтады [9, 122]. Шығармада Түсіпханның түсінде тоғайға барып, ерттеулі жирен атын шешіп алмақ болғанында, әкесінің мініп кеткенін көреді. Түсіпхан әкесінен жаяу қалатынын айтқанда, «балам-ай, жас емессің бе, жүр кеттік» [8] деп тебіне жөнелген екен. Қапыда қатерге ұрынған Түсіпхан ата-баба әруағына сыйынады. Шығармада Түсіпханның туған-туыстары: ағасы Әбдіхамит, Нұржан жеңгесі, кіші шешесі, Шәкен тәтесі, Оразхан ағасы, Ырысқайша қарындасы, Сіләтай ағасы, Үкібас жеңгесі, Бағдаш, Қайнікен, Қаншайым бауырлары мен Алданыш, Секен, Ғазиз, Жөкал, Токтан, Амантай, Майра сынды кіші бауырлары аталады. Шығармадағы туыстық қатынастың қалыптасуы халықтың жетімін жылатпай, жесірін қаңғыртпаған «әмеңгерлік» дәстүрі негізінде көрінеді.

Шығармада «шаңырақтың шайқалуы» тура мағынасында қолданылған. Орнынан қозғала алмаған Түсіпханды бауырлары қалай ауылға жеткізерін білмегендіктен шаңыраққа салып апаруды қауіпсіз көрген. Қазақта шаңырақты себептен-себепсіз бұзбайды. Сонымен бірге, шаңырақты уығынан ажыратып шашу жақсылықтың нышаны емес. Қазақ жауына «шаңырағың шайқалсын» деп қарғауы өте жаман саналған. Бұл жердегі «шаңырақтың шайқалуы» – символдық элемент. Бұл – Түсіпханның қазасын білдірудегі екінші элемент. Біріншісі – Түсіпханның түсі болса, екіншісі – шаңырақ. Оқиғаның жүруі М.Бахтин ұсынған екінші құрылым бойынша қалыптасқан: соғыстан аман-есен оралған Түсіпхан Мәскеуден демалуға келгенде сондай бақытты, туған-туыстарын, жақындарын көріп мәз. Қате аяқ астында деп, қатерге ұрынған Түсіпхан ата-бабасының жаны мәңгілік тыныштық тапқан мекенде жерленді. Оқиға бақытты оқиғадан бақытсыздыққа қарай жүреді.

Шығармадағы ата-баба байланысы осылай көрініс тауып, дала дүниетанымының сипатын бейнелейді. Халық ұғымындағы дала ұғымы

тереңдеп, ұлттың дүниетанымындағы негізгі туған жер аспектісі айқындала түседі. «Дүниетаным шексіз, шекарасы жоқ рухани әлем. Адам бар жерде дүниені тану, қабылдау, сезіну бар. Ал, ұлт бар жерде дүниені тану мен қатар игеру, яғни дүниетанымдық құндылықтардың өмір сүрері анық» [10, 7]. Шашты мен Түсіпхан – ұлттық құндылықтармен суырылған кейіпкерлер. Зерттеушілер С. Елікбаев, Б. Қапасова, Д. Кожас қазақ әдебиетінің кейіпкерлері ұлттық құндылықтардың жиынтығынан құралу керектігін айтады [11, 111]. Осы негізден, кейіпкерлердің ұлт кейіпкері және сырт кейіпкер деп ажыратып, кейіпкер әлемін сомдауда ұлттық мінездің, сипаттың маңыздылығын көреміз. Автордың екі шығармасындағы оқиғаларды салыстыра отырып, шығарманың өзегі шежірелік проза жанрында жазылып, ұлттық құндылықтарға жаңаша баға беруінде деп білеміз.

Қаламгер замандасы Л. Қоныстың «Тиын» әңгімесінде оқиғаның сюжеті оқиғасының аяқталуынан басталуына қарай өрбіген. Әкесінің қазасын атасы немересіне символды түрде жеткізеді. «Дарияның арғы жағында» деп қарияның немересіне түсіндіруі «су» архетипінің бастауын ұғындырады. Су екі әлемді байланыстырып, өлілер әлеміне жеткізеді. Немересі нағашыларына барғанда қайықпен жүріп, қайықшыға ақы төлеу керек екенін түсінген болатын. Солай немересі көкесіне барам деп, дариядан жүзіп өтем деп тиын жинай бастайды. Балмұздақтан, асықтан алыстап, атасының берген тиындарын жинайды. Бірде ауыл адамдарынан жылан терісінің бағалы екенін естіп, жылан ауламақшы болады. Аңдаусызда жыланды кездестірген ол аулап алмаққа тырысады, дегенмен жылан баланың өзін шағып алады. Бойына әбден у тарап кеткен соң, атасына хабар бергенде тым кеш қалғанын ұғынады. Немересі соңына дейін тиынын алмай кеткеніне қапаланып, атасынан тиын сұрайды. Уысында тиын соңғы рет жұмылды. Аяқ астынан орын алған оқиғалар қарияны есеңгіретіп тастады. М. Бахтин теориясына сай оқиға екінші құрылым арқылы жүзеге асқан. Бір отбасының бақытты сәті баланың көкесінен айырылғанынан аяқталады. Солай отбасыда неше түрлі уақиғалар орын алады.

Екі автордың туындыларын салыстыра келе, хронотоп тиімді қолданылып, шығарманың негізгі идеясын беруде қолданыс тапқанын көреміз.

Г. Орда зерттеу мақаласында тәуелсіздік жылдарынан соң қазақ әдебиетіндегі даму прогресінің басталғанын, тотализм саясатында атауға болмайтын тақырыптардың тәуелсіздік алған соң қозғала бастағанын айтады [12, 180]. Қазақ прозасындағы даму тенденциялары А. Кемелбаеваның тұтастай шығармаларының барлығынынан көрінеді. Бұл өз кезегінде жазушы шығармашылығын жаңа тенденцияға сай зерттеу маңыздылығын көрсетеді.

Қаламгердің екі шығармасын талдай келе, автордың шығармасындағы интерпретация Р. Барттың әрбір мәтіннің интерпретациясы толықтай түсінікті болмайтынымен байланысты. Сонымен бірге автордың ішкі ойлары түпнұсқа болып саналғанымен де, алдын-ала ойластырылған символдық бірліктерден құралатынын айтады [13, 148]. Зерттеуші Р. Барт автор интерпретациясын анықтауда бес түрлі код арқылы айқындауға болатынын айтады. Олар: Герменевтикалық код; проайретикалық код; мәдени код; семантикалық код; символикалық код [13, 26]. Осы негізден қаламгердің «Шашты» әңгімесін талдап қарастырсақ, Шығармадағы герменевтикалық код тақырыптың ерекшелігімен байланысты. Бұл арқылы автор тұтастай жаугершілік дәуірді, әулетті бейнелеп, сыни тұрғыдан қарастырады. Батыр ұғымы ерлік пен батылдық символы еместігін, керісінше мағынада қолданыс тапқан. Проайретикалық код негізінде шығарманың басталуы «Қай ноғайсың» деп тұтқынға түскен Кенжебекке қойылған сауалмен басталған. Түрікпеннің Сыр бойын жылқы барымталағанда, ат үстінде жүрген баланы да ерте әкеткен. Шығармада түрікпен мен қазақ арасы сөз етіліп, түрікпен қарсы тұра алатын адай руы екені туралы дерек келтіреді. Уақыт өте келе жылқышы ата тұтқын Кенжебекке сын сағаты келгенін, түрікпен бәйгесінде қашуы керек екенін айтады. Кенжебек қашып кетіп, түрікпен қолына түсуден қорқады, сол себепті бұл ұсыныстан бас тартуды ойлайды. Дегенмен, жылқышы қарт тұлпардың дүбірі қиянға әкетіп, арқасына бір отырсаң әруақ желеп, құстай ұшасың деп сендіреді. Азаттыққа бас тігудің оңай еместігін, үлкен батылдық керек екенін айтады. Шығарманы оқи отыра жылқышы қарттың баланы қашыруды ойлағанын түсінеміз. Қашпағанында жағдайы құлдан да бетер болатынын түсініп, баланың өзіндей болмағанын қалайды. Шығарманы оқып отырып, түрлі сезімдер спектрін сезінуге болады. Жылқышы қарттың басына түскен оқиғамен аяп, босаңсу болса, Кенжебекке келгенде тырмысып, қалай да «аман» қалуы керек деген ойлар келеді. Солай түрікпен бәйгесінде Шашты Қыпшақбозмен қатысып, кейіннен еліне оы тұлпарымен қашады. Арада жылға жуық уақыт өткен, атасының ауылына қонаққа екі диуана келген. Бірі таң атқанша дұға етіп отырған. Баласының аман-есен келгенін диуана хабарлап жеткізеді. Шашы өсіп кеткен балаға диуана «Шашың өлең шөптей қаулай өсіп, еліңе шашты болып келдің, Алла Тағала жар болып, ұрпағың шашындай көп болып, өсіп-өңсін! Әумин!» [8], – деп бата береді. Жеңелері де «Шашты» деп атап кетеді. Кейіннен Шашты айтулы, беделді азаматқа айналып, бұрын ауылын шапқан түрікпеннен кегін қайтарады. Шашты ұғымы тура мағынасында қолдануымен бірге, дүние болмысын бейнелеуде көрініс тапқан: «Е, балам, бағың бар сияқты, жазмыш жазуын қарай ғөр! Анаң сені ай толғанда толғатып туған екен. Шашты-түкті дүние сипаты жарқырай туып келеді, о, тоба, шебер Тәңірі

жолыңды оңғарайын деп тұрғанын қара!» [8]. Бұл арқылы шашты-түкті дүниенің аяусыз қатыгез қырына алуымен бірге, барлық қиындықтың оңынан шешілуіне әсер ететінін де түсінеміз. Мәдени код арқылы халықтың тұрмысы жайындағы автордың өзіндік көзқарасы қалыптасқанын көреміз. «Иісі қазақтың құдай сүйген қылығы жоқ. Ала жылан аш бақа, ала тілеу оңдырмасын бек біледі. Қара қыпшақ Қобыланды батыр Ақжол биді өлтірген соң арғын-қыпшақ айрылған. Кетелер кектесіп, адайдың бір ауылын шауып алады, адам шығыны көп болды. Әлім мен байұлы бертінге шекті тату болмады. Мұндағы түрікпен отын жағып, бесігін тербеткен, бірақ туған елін өлсе ұмыта алмайтын қаны қазақ жесірлер жылап айтқан құса-шер, шежіре естір құлақ керең болмаған соң көкейге жетеді» [8]. Осы негізден қазақ мәдениетінің бір бөлшегі саналатын батырлардың болмысы жағымсыз сипаттан көрінеді. Қазақ пен көрші халықтар арасындағы барымтаның мал мен далаға зиянымен бірге, адамға, тұлғаға жасалған зымыян әрекеті барша адамзатқа қастандық сияқты. Түрікпен мен адай арасындағы болған оқиғаны Ә. Кекілбаев тура мағынасындағы мәңгірттену деп атап көрсетеді. Ш. Айтматов шығармасында да мәңгірттену тақырыбы көтеріледі. Бұл арқылы дала заңының қаталдығын көрсетеді. Мәселен, шығармадағы жылқышы қарт та бір кездері қазақ жерін мекендеген. Жаугершілік заманның кесірінен құлдыққа түседі. Бұл жайында автор: «Келісті бозбала болып өсіп келе жатқаным қаралы құсаға ұласты. Не ер емес, не қатын емес, арадан шықтым, тірі өлікке айналдым. Баяғыда отқа табынып, маздатып шырақ жағатын бір елдің әмірші, бектері сарайында шырайлы күндер ұстайды, сол сұлу күндерін бақтыруға еркектіктен айырған басыбайлы қарауыл әтек ұстайды деп естуші едік. Түрікпен парсыға бізден гөрі бір табан жақын жатқан ел, сынықтан басқаның бәрі жұғады, сұмпайы зорлықты жұқтырған көрінеді» [8], – деп түрікпеннің ойлап таппайтын қылмысы жоғын көрсетеді. Коннотативті код негізінде жылқышы қарттың образы тереңдей түседі. Азбанқұл атанған қарт Кенжебектей жасында тұтқынға түсіп, жағдайының құлдан төмен болғанын жеткізе отырып, Кенжебектің басына осы жағдайдың түскенін қаламай, қолынан келген көмеген аямайды. Кенжебек пен жылқышы қарт байланысы шығарманың негізгі өзегі саналады. Символдық код негізінде шығармадағы жеті ата, генеалогиялық байланысы көрінеді. «Ежелден біздің қазақ нәсілін жалпақ тіл қаңлы, қыпшақ атайды. Руын мүсәпір құл жасырады. Тегімді білмей, теріс бағып тұрғамын жоқ, құлдықтан бетер бейдауа қорлықтың күйігі басқа түскенін білесің. Жеті атамды білемін, ел көзіне тура қарар бет болмаған соң тексізден нем артық?!», – деп ширыққан» [8], – деп әр қазақтың жеті атасын жатқа білетінін, қай жұрт екенін айта алмауы құлдықтан бетер жағдайға тап болғанынан деп түсіндіріледі. Шығармадағы интерпретацияның бес түрлі

кодын анықтай келе, шығармадағы шежіре тану, айту ұлтымыздың айтулы қасиеттерінің бірі екенін, символдық негізден шежірені білу – өзінді білу, тану екенін ұғынамыз.

Сонымен бірге М. Базарбаев зерттеулерінде ұлттың психикалық құрылысы екі негізден құрылатынын айтады: бірінші құрылым – ішкі фактор: ұлттық мінез-құлық, рухани ерекшеліктер, екінші құрылым – сыртқы факторлар: салт пен дәстүр деп анықтайды [14, 80], – деген пікірінің негізінде шығарманың бойында екі құрылым айқындалады.

«Көкқия» әңгімесін интерпретацияның бес түрлі коды арқылы анықтап қарастырсақ. Шығармадағы герменевтикалық код арқылы Көкқияның қандай да бір болар оқиғаның мекені екенін аңғаруға болады. Шығарманың негізінде шежіре, түс жору сынды мәдени элементтер кездеседі. Проайретикалық код негізінде шығарманың басталуы мен әрі қарай өрбуі анықталады. Туынды бас кейіпкер Түсіпханның жылқыларын суарғанына басталады. Әрі қарай Түсіпханның Мәскеуден бір айға демалуға келгенін, соғыс жылдарында барлаушы боп жұмыс атқарғанын, ауылына бір жыл дегенде жеткенін түсінеміз. Бір ауылдың бір әулет тарайтыны, ескі қазақ салтымен Түсіпхан әр үйге кіріп, жеңгесінің шайын ішіп, аунап-қунап, ауыл адамдарына, туыстарына еркелеп жүрді. Дегенмен, Түсіпхан ауылдың қызу тіршілігінен қалыс қалғысы келмеді. «Жер жүзінде анадан туған адам баласы үшін ерекше ыстық атамекен аспаны бар, ол оны өзге өңірдің көгіне теңгермей, бәрінен артық көреді. Түсіпхан қамысты көл көрсе көкала үйректей сымпың қағып тұра жөнеледі, терең сүңгиді. Бұлақ кезіксе астындағы Оқжирен атынан секіріп түсіп, жағасына жабыса бұлаң керім тұнықтың лүпілдеген ақша бетінен өбеді» [15], – деп Түсіпхан үшін де алыстан мұнартып көрінетін атасының атымен атылатын Байжантау, жазық даласы қымбат. Солай ата-бабасының табаны тиген қыстақтағын жөндеуді ойға алады. Сол ниетімен жетпіс шақты терек пен қайыңды арбаға тиесп, өзі қыстаққа жеткізуді ойлайды. Дегенмен, өзі аңғармастан қатерге ұшырайды. Адам баласының ойдан асқан жүгі жоқ. Өгіз арбаның, терең пен қайың астында қалып қойған Түсіпхан өткен-кеткен оқиғаларын есіне түсірді: «Кіші шешесі мен өз шешесінің арасында алып бара жатқан күнестік, араздық болмаған сияқты. Кенжеағасы Ғаббас еңбек армиясынан науқас болып оралып, жеңістен соң көз жұмды, қабіріне топырақ салу бұйырмады. Қазір ауыл Төлеуханнан туған Әбдіхамитке бағынады, бұл әулеттің ендігі үлкені сол кісі, намазын тастамаған, өкіметке бағынбайды, ешкімге қиянаты жоқ» [15], – деп өзінің отбасын ойлайды. Одан бөлек, ажалдың белгісін түсінде көргенінен қорқып та қалады. Қатерге ұрынған Түсіпханды күйеу баласы Бағдаш тауып алады. Ауылына жеткен соң жағдайы нашарлаудың үстінде нашарлай береді. Үш күн жатып, бақилық болып аттанып кетті. Бүкіл әулеті Түсіпханды жоқтап,

асылдай бауырынан айырылып қалды. Мәдени код арқылы шығармадағы шежіре айту, ата-баба әруағына сыйыну, түс жору сынды элементтер бар. Ата-баба әруағына сыйыну, медет сұрау арғы түркілік тегімізде жатыр. Коннотативті код негізінде басты кейіпкер Түсіпханның болмысы жан-жақты көрінеді. Соғыста барлаушы болған, Мәскеуде оқитын Түсіпханның тағы бір ерекшелігі ата-бабасын, шежіресін білуі, өзінің кімнің ұрпағы екенін, кімнен өрбігенін жатқа біледі. Қатерге ұрынуы да сол ата-бабасының қыстағын жөндеуді ойға алуымен байланысты. Оқиға таудың көк қия жағында, сүрлеу жолда орын алады. Ауыл тіршіліген қалыс қалған Түсіпхан өзінің шаруаға икемсіздігін соңынан барып аңғарады. Символдық код арқылы шығармада жеті атанды, шежіренді білу өзегінді, бастауынды тану екенін түсінеміз. Әр адамның ата-бабамен байланысы болатынын анық аңғарамыз. Сондай-ақ, шығармада түс көру элементі көркем шығармадағы психологизмді күшейте түскен. Басты кейіпкер айдалада жападан жалғыз қалғанда әрнені ойлай береді. Сондай кезде өзінің түсінде ат мініп тұрған әкесінің қасына мінгесіп жатқанын көргенін, ажал белгісі болғанын кейіннен аңғарады. Мәдени контраст арқылы шығармада туыстық байланыс, ата-бабамен байланыс, шежіре айту халқымызға тән қасиет екенін аңғарамыз.

Жазушы А. Кемелбаеваның «Шашты», «Көкқия» туындылары негізінде шежірелік прозалық сипатта, ұлттық мінез болмысы бейнеленгенімен жеке тұлға тақырыбын тереңдете түседі. Әлемдік әдебиетте шежірелік проза түрінде жазылған Г. Г. Маркестің «Жүз жылдық жалғыздық» туындысы ұрпақтар шежіресін көрсетіп қана қоймай, әр ұрпақтың жеке болмысына терең үңіледі. Осы негізден ұрпақтар сабақтастығы ұлттың болмысын, ұлттық мінезін бейнелейтінін көреміз. А. Кемелбаева шығармаларының бір артықшылығы ұлттық мінездің сипаты ретінде танылатын «Ер қанаты – ат», «көк түрік», «қасқыр», «батыр», «шаңырақ», «әмеңгерлік», «түс жору» элементтер ұшырасады.

Қорытынды

А. Кемелбаева ұлттық құндылықтарды терең мәнде қолданып, халқымыздың шежіре айту қасиетін қайта жаңғыртты. «Шашты», «Көкқия» әңгімелеріндегі ұлттық құндылықтар қазақ халқының этномәдени дүниетанымын бейнелеп, ұлттық болмыс-бітім, ұлттық мінез көрінеді. Шежірелік прозада бүтін халықтың бейнесі бір адамның шежіресімен көрінеді. Шашты мен Түсіпхан ата-баба мұратын терең түсінеді. Символды түрде Шашты өз ауылына оралса, Түсіпхан ата-бабасының мәңгі тыныштық тапқан мекеніне оралады. Қаламгердің шығармалары Л. Қоныстың «Тиын» әңгімесімен салыстырылып, А. Кемелбаева туындыларында ұлттық мінез көріністері көптеп ұшырасатыны анықталды. Шығармадағы ерешеліктер

М. Бахтин теориясы негізінде анықталып, екі шығарманың сюжеттік желісі негішзгі екі құрылым арқылы айқындалды.

Қорытындылай келе, ұлттық мінез А. Кемелбаеваның «Шашты», «Көккия» әңгімелерінің негізі екенін, халық болмысы шежірелік прозамен тұтасқанын көреміз.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Зусман, В. Г.** Концепт в системе гуманитарного знания [Текст] // Вопросы литературы. – 2003. – №2. – С. 3–29.

2 **Сейбель, Н. Э.** Австрийский роман Zwischenkriegszeit [Текст]. – Челябинск : Изд-во ЧГПУ, 2006. – 414 с.

3 **Ter-Minasova, S.** In Search of National Character [Text]// Procedia – Social and Behavioral Sciences. – №200. – 2015. – Р. 20–25.

4 **Кішібеков, Д.** Қазақ менталитеті : кеше, бүгін, ертең [Мәтін]. – Алматы: Ғылым, 1999. – 200-б.

5 **Богданов, А.** Литературные роды и виды. Теория литературы в связи с проблемами эстетики [Текст]. – М. : Просвещение, 2021. – С. 307

6 **Бахтин, М.** Эпос и роман [Текст]. – СПб.: Азбука, 2000. – 304 с.

7 **Татьянина, А.** Проза молодого Толстого и проблема семейного романа [Текст] : дис... канд.филолог. наук. – М., 2000. – 214 с.

8 **Кемелбаева, А.** «Шашты» әңгімесі / Айгүл Кемелбаева. Шашты (әңгіме) [Электронды ресурс]. – adebiportal.kz.

9 **Пірәлиева, Г.** Көркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелері : Монография [Мәтін]. – Алматы : Алаш, 2003. – 327-б.

10 **Даирова, Г., Хасанаева, Л.** Қазақстандағы этномәдени құндылықтардың рухани маңызы. [Электронды ресурс]. – <https://bulletin-histsocpolit.kaznpu.kz/index.php/ped/article/download/160/156/308>, https://doi.org/10.51889/2020-2.1728-5461.30_11

11. **Елікпаев, С., Қапасова, Б., Кожас, Д.** Қазақ әдебиетіндегі кейіпкер болмысы: өзгеріс пен ұласу. [Электронды ресурс]. – [Елікпаев С. Т., Қапасова Б. К., Кожас Д. А. Вестник Филология 1-2023.pdf \(tou.edu.kz\).](https://doi.org/10.48081/JGKX5150) – <https://doi.org/10.48081/JGKX5150>

12 **Orda, G., Khudaibergenov, N., Sarsenbayeva, Zh., Amanzhol, S., Mursalimova, N.** The December Revolt statement in Kazakh Literature // Opcion, 35(89). – Р. 177–194. [Electronic resource]. – <https://produccioncientificaluz.org/index.php/opcion/article/view/24411/24858>

13 **Базарбаев, М., Кәкішев, Т.** Әдебиет – дәуір айнасы. Классикалық зерттеулер: Көп томдық. Т.20. [Мәтін]. – Алматы : Әдебиет әлемі, 2013.– 420-б.

14 **Barthes, R.** The death of the author [Text]. – London : Fontana, 1977. – 142–148 p.

15 **Кемелбаева, А.** Көкқия / Айгүл Кемелбаева. Көкқия (әңгіме) [Электронды ресурс]. – adebiportal.kz

References

1 **Zusman, V. G.** Konsept v sisteme gumanitarnogo znania. [Concept in the system of humanitarian knowledge] [Text] // Voprosy literatury. – 2003. – №2. – P. 3–29.

2 **Seibel, N. E.** Avstriski roman Zwischenkriegszeit [Austrian novel Zwischenkriegszeit] [Text]. – Cheliabinsk : İzd-vo CHGPU, 2006. – 414 p.

3 **Ter-Minasova, S.** In Search of National Character // Procedia – Social and Behavioral Sciences [Text]. – №200. – 2015. – P. 20–25.

4 **Kışibekov, D.** Qazaq mentaliteti : keshe, bugin, erten [Kazakh mentality: yesterday, today, tomorrow] [Text]. – Almaty: Gylym, 1999. – 200 p.

5 **Bogdanov, A.** Literaturnye rody i vidy. Teoria literatury v sviazi s problemami estetiki [Literary genres and types. Theory literature in connection with the problems of aesthetics] [Text]. – Moscow : Prosveshenie, 2021. – P. 307.

6 **Bahtin, M.** Epos i roman [Epic and novel] [Text]. – St. Petersburg : Azbuka, 2000. – 304 p.

7 **Tatanina, A.** Proza molodogo Tolstogo i problema semeinogo romana [Prose of the young Tolstoy and the problem of the family novel] [Text] : dis... kand.filolog. nauk. – Moscow, 2000. – 214 p.

8 **Kemelbaeva, A.** «Shashty» angimesi [“Shashty” story] [Electronic resource]. – adebiportal.kz.

9 **Piraliyeva, G.** Korkem prozadagy psihologizmnin keibir maseleleri [Some problems of psychologism in literary prose : Monograph] [Text]. – Almaty : Alash, 2003. – 327 p.

10 **Dairova, G., Hasanaeva, L.** Qazaqstandagy etnomadeni qundylyqtardyn ruhani manyzy [Spiritual significance of ethno-cultural values in Kazakhstan]. [Electronic resource]. – <https://bulletin-histsocpolit.kaznpu.kz/index.php/ped/article/download/160/156/308>, <https://doi.org/10.51889/2020-2.1728-5461.3011>

11 **Елікпаев, С., Қапасова, Б., Кожас, Д.** Qazaq adebietindegi keipker bolmysy: ozgeris pen ulasu [Character identity in Kazakh literature: change and continuity] [Electronic resource]. – [Елікпаев С. Т., Қапасова Б. К., Кожас Д. А. Вестник Филология 1-2023.pdf \(tou.edu.kz\)](https://doi.org/10.48081/JGKX5150). – <https://doi.org/10.48081/JGKX5150>.

12 **Orda, G., Khudaibergenov, N., Sarsenbayeva, Zh., Amanzhol, S., Mursalimova, N.** The December Revolt statement in Kazakh Literature // Opcion.

– 35(89). – P. 177–194. [Electronic resource]. – <https://produccioncientificaluz.org/index.php/opcion/article/view/24411/24858>.

13 **Bazarbaev, M., Kakishev, T.** Adebiet – dauir ainası [Literature is a mirror of the era] [Text]. Klasikalıyq zertteuler: Kop tomдық. T.20. – Almaty : «Adebiet alemi», 2013. – 420 p.

14 **Barthes, R.** The death of the author [Text]. – London : Fontana, 1977. – 142–148 p.

15 **Kemelbaeva, A.** Kokkiya [Kokkiya] [Electronic resource]. – adebiportal.kz.

09.08.23 ж. баспаға түсті.

12.12.23 ж. түзетулерімен түсті.

03.06.24 ж. басып шығаруға қабылданды.

*А. Б. Абдуллина, Ш. А. Доскеева, К. Т. Тулебаева

Alikhan Bokeikhan University,

Республика Казахстан, г. Семей.

Поступило в редакцию 09.08.23.

Поступило с исправлениями 12.12.23.

Принято в печать 03.06.24.

ПРОЯВЛЕНИЕ НАЦИОНАЛЬНОГО ХАРАКТЕРА В СОВРЕМЕННОМ КАЗАХСКОМ РАССКАЗЕ (ПО РАССКАЗАМ А. КЕМЕЛЬБАЕВОЙ «ШАШТЫ», «КӨКҚИЯ»)

В статье рассматривается концепция национального характера творчества А. Кемельбаевой. С развитием антропоцентрического направления концепт стал определяться как совокупность основных идей автора во всех областях, и понятие концепта в литературе стало всесторонне изучаться. Среди национальных символов есть такие обычаи, как цветовая интерпретация, героизм, брак, аменгерство. Анализируются понятия и имена, знакомые казахскому народу, и определяются произведения писателя как жанр генеалогической прозы. Исследование основано на мнениях исследователей В. Зусмана, Н. Зайбея, Ю. Тильмана и Д. Кишибекова о национальном характере. Д. Кишибеков высказывает ценное мнение о национальном характере казахов, определяет и исследует формирование характера в казахском знании. Рассмотрены мнения А. Богданова, М. Бахтина, А. Татьяниной о генеалогической прозе. Выявлены основные отличия работ А. Кемельбаевой от работ Л. Коньис. Произведения

А. Кемельбаевой, наполненные национальными ценностями, анализируются ассоциативно и нарративно, анализируются авторские взгляды. При этом было определено понятие хромотона в произведениях, проведен аналитический анализ произведения. Рассмотрено противоположное мнение писателя о герое и на нем основана его точка зрения. В исследовании учтены и рационально использованы при анализе произведений две исследовательские структуры М. Бахтина. А. Богданов с учетом мнения о том, что династия является важным понятием в генеалогической прозе, определил его употребление в повестях «Шашты» и «Кокқия». При этом рассказы «Шашты» и «Кокқия» анализировались на основе теории интерпретации Р. Барта.

Ключевые слова: концепт, национальный характер, генеалогическая проза, шанырак, национальное познание.

**A. B. Abdullina, Sh. A. Doskeyeva, K. T. Tulebayeva*

Alikhan Bokeykhan University,

Republic of Kazakhstan, Semey.

Received 09.08.23.

Received in revised form 12.12.23.

Accepted for publication 03.06.24.

**THE MANIFESTATION OF THE NATIONAL
CHARACTER IN THE MODERN KAZAKH STORY
(BASED ON A. KEMELBAEVA'S STORIES
«SHASHTY», «KOKKIYA»)**

The article deals with the concept of national character in the works of A. Kemelbaeva. With the development of the anthropocentric trend, the concept was defined as a set of the main ideas of the author in all fields, and the concept term in literature began to be comprehensively studied. Among the national characters, there are customs such as color interpretation, heroism, marriage, and levirate. Concepts and names familiar to the Kazakh people are analyzed, and the writer's works are defined as genealogical prose genre. The research is based on the opinions of researchers V. Zusman, N. Seibel, Y. Tilman and D. Kishibekov about national character. D. Kishibekov expresses a valuable opinion about the national character of the Kazakhs and determines and examines the formation of the character in Kazakh knowledge. The opinions of A. Bogdanov, M. Bakhtin, A. Tatyana on genealogical prose are considered. The main differences between the

works of A. Kemelbaeva and the works of L. Konys were identified. The works of A. Kemelbaeva, full of national values, are analyzed associatively and narratively, and the author's opinions are analyzed. At the same time, the concept of chronotope in the works was defined, and the work was thoroughly analyzed. The opposite opinion of the writer about the hero is considered and his point of view is based on it. In the study, M. Bakhtin's two research structures were taken into account and rationally used in the analysis of the works. A. Bogdanov considered the opinion that the dynasty is an important concept in genealogical prose, and its use in the stories «Shashty» and «Kokkiya» was determined. At the same time, the stories «Shashty», «Kokkiya» were analyzed based on the theory of interpretation of R. Barthes.

Keywords: concept, national character, genealogical prose, shanyrak, national cognition.

Теруге 03.06.2024 ж. жіберілді. Басуға 28.06.2024 ж. қол қойылды.

Электронды басылым

2,57 МБ RAM

Шартты баспа табағы 27,16. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: З. Ж. Шокубаева

Корректор: А. Р. Омарова, Нугманова М. М.

Тапсырыс № 4242

Сдано в набор 03.06.2024 г. Подписано в печать 28.06.2024 г.

Электронное издание

2,57 МБ RAM

Усл. печ. л. 27,16. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: З. Ж. Шокубаева

Корректор: А. Р. Омарова, М. М. Нугманова

Заказ № 4242

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz